

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Түркия Республикасының Президенті Абдолла Гүлдің қамқорлығындағы "Жаңа синергия" бірлескен экономикалық бағдарламасына қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 мамырдағы № 659 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Түркия Республикасының Президенті Абдолла Гүлдің қамқорлығындағы «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасының ж о б а с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технология министрі Әсет Өрентайұлы Исекешевке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Түркия Республикасының Президенті Абдолла Гүлдің қамқорлығындағы «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасына қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 2

м а м ы р д а ғ ы

№

6 5 9

қ а у л ы с ы м е н

мақұлданған

Жоба

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Түркия Республикасының Президенті Абдулла Гүлдің қамқорлығындағы «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық бағдарламасы

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Түркия Республикасының Үкіметі (бұдан әрі – Тараптар деп аталатындар):

екі мемлекет арасындағы дәстүрлі достық, бауырластық қатынастарды және стратегиялық әріптестікті негізге ала отырып, теңдік қағидаттарын, ұтымдылықты және өзара пайданы ұстана отырып, қазіргі заманғы талаптарға және жаһандық экономикалық қатерлерге сәйкес екі мемлекеттің ынтымақтастығын тереңдету және экономикасын одан әрі дамыту

қажеттілігін сезіне отырып,
экономикалық ынтымақтастықта сауданың, инвестицияның және іскерлік
байланыстардың қозғалыс күшін мойындай отырып,
2015 жылға дейін екі ел арасында тауар айналымын 10 миллиард долларға және
инвестицияның жылдық көлемін 500 миллион долларға дейін жеткізу мақсатын негізге
ала отырып,
осымен екі мемлекеттің үкіметтері іске асыратын Қазақстан Республикасының
Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Түркия Республикасының Президенті Абдолла
Гүлдің қамқорлығымен әзірленген «Жаңа синергия» бірлескен экономикалық
бағдарламасын іске асырудың басталғаны туралы мәлімдейді.

1. Бағдарламаның міндеттері

Бағдарлама мыналарды:

- 1) сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты кеңейтуді;
- 2) ынтымақтастықтың қазіргі және жаңа салаларын дамытуды;
- 3) Тараптардың мемлекеттік және жеке секторлары арасындағы өзара іс-қимылын
нығайтуды;
- 4) басым салаларда инвестициялық жобаларды іске асыруды көздейді.

2. Ынтымақтастық салалары

Бағдарламаны іске асыру мақсатында Тараптар мынадай басым салаларда
ынтымақтастықты дамытатын болады.

1. Инвестиция саласында:

- 1) екі елдің экономикалық әлеуетін ескере отырып, инвестициялық
ынтымақтастықты тереңдету және жандандыру мақсатында қазіргі инвестицияларға
өзара жәрдемдесу және қорғау туралы келісімді жаңарту;
- 2) екі елдің қолданыстағы инвестициялар және көтермелеу шаралары туралы
заңнамасына қатысты тәжірбие және ақпарат алмасу;
- 3) Қазақстан мен Түркия аумағында іске асырылуы көзделген жобаларды
қаржыландыруға бағытталған бірлескен инвестициялық қор құру мүмкіндігін зерделеу.
Сондай-ақ екі елдің жеке секторлары ұйымдарының бірлескен инвестицияларды
үшінші елдерге жүзеге асыру мүмкіндігін зерделеу;
- 4) тиісті мемлекеттік органдардың және ұйымдардың екі мемлекет
инвесторларының қазіргі проблемаларын талдау және шешу;
- 5) екі ел өңірлері арасындағы ынтымақтастықты дамыту;
- 6) мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей екі Тарап үшін тиімді барлық
салаларда инвестицияларды көтермелеу:
агроөнеркәсіптік кешен;

тоқыма өнеркәсібі және дайын киім-кешек өндірісі, жеңіл өнеркәсіп;
құрылыс материалдары өндірісі;
металлургия және тау-кен өнеркәсібі;
м а ш и н а ж а с а у ;
дәрілік препараттар және медициналық жабдықтар өндірісі;
химия және мұнай-химия өнеркәсібі;
к е м е ж а с а у ;
инфрақұрлымдық құрылыс, ғимараттар мен құрылыстар салу;
порт және кеме верфей құрылысы;
энергетика, жаңартылатын энергия;
т е л е к о м м у н и к а ц и я ;
т у р и з м .

2 . Сауда саласында :

- 1) өзара сауданы оңайлату және дамыту;
- 2) халықаралық құқықты және Тараптардың міндеттерін ескере отырып, екі ел арасындағы саудаға теріс әсер етуі мүмкін тарифтік емес кедергілерді жою;
- 3) екі жақты сауда саласындағы проблемаларды реттеу тетігінің жұмыс істеуін қ а м т а м а с ы з е т у ;
- 4) екі елдің іскер топтары арасындағы ынтымақтастықты нығайту.
- 5) шағын және орта бизнес кәсіпорындары арасында екі жақты ынтымақтастықты д а м ы т у ;
- 6) екі елде ұймыдастырылатын көрмелерге, сауда миссияларына, конференциялар мен басқа да ұқсас іс-шараларға өзара қатысу;
- 7) ынтымақтастықты кеңейту мақсатында екі елдің органдары арасында техникалық ынтымақтастықты және ақпарат алмасуды, шетелдік қызметті және тараптар компанияларының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруды жүзеге асыру;
- 8) Кеден одағы елдері (Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы) мен Түркия Республикасы арасындағы сауда байланыстарын дамыту үшін қолайлы жағдай жасауда Қазақстанның жәрдемдесуі.

3. Ғылым, инновация және жаңа технологиялар саласында:

- 1) шағын және орта бизнес кәсіпорындарының арасындағы екі жақты ы н т ы м а қ т а с т ы қ т ы да м ы т у ;
- 2) жаңа технологиялар, қолданбалы зерттеулер, робот техникасын дамыту, нанотехнологиялар, биотехнологиялар, ақпараттық және энергия үнемдеу технологиялары саласындағы ынтымақтастық;
- 3) ғылым, техника және иновациялық технологиялар саласындағы екі жақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдету және түрік әлемі ғылыми-техникалық платформасының ынтымақтастығын құру мүмкіндігін зерделеу.

4. Өнеркәсіп және стандарттау саласында:

1) метрология, сәйкестікті бағалауды стандарттау, аккредиттеу және техникалық реттеу саласындағы ынтымақтастықты жандандыру;

2) өлшеу және өлшеу аспаптары өндірісі саласындағы ынтымақтастықтың және бірлескен инвестициялаудың мүмкіндігін зерделеу;

3) заңнама және екі елде индустриялық аймақтар құру бойынша тәжірибе алмасу;

4) 2011 жылғы 21 қазанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Түркия индустриялық аймақтарын құру жөніндегі ниеттер туралы өзара түсіністік туралы меморандумды іске асыру мақсатында, бірінші кезекте Қазақстан тарапы пилоттық аймақ ретінде ұсынған Оңтүстік Қазақстан облысында жұмысты жеделдету;

5) екі елдің аумағындағы арнайы экономикалық индустриялық аймақтарда қызметін жүзеге асыру мақсатында екі елдің компанияларын хабардар ету.

5. Көлік саласында:

1) автомобильмен тасымалдау саласында ынтымақтастықты дамыту және жандандыру мақсатында қолданыстағы автомобильмен тасымалдау саласындағы келісімді жаңарту;

2) Карс – Тбилиси – Баку темір жол тармағын Каспий теңізі арқылы Қазақстанның батыс облыстарына дейін ұзарту жөнінде жұмыс жүргізу туралы мүмкіндікті қарау;

3) халықаралық көлік дәліздері (ТРАСЕКА) арқылы көлік желілерін және мультимодальдық тасымалдауды дамыту;

4) порттарды және роро (паром) терминалдарын пайдалану саласындағы ынтымақтастықты кеңейту.

6. Энергетика саласында:

1) мұнай-газ саласында бірлескен жобаларды қолдау;

2) электр энергиясы саласында ірі энергетикалық жобаларға екі елдің іскер топтарының қатысуын қолдау, инвестициялық мүмкіндіктерді анықтау және бағалау;

3) бәсекелестік нарық жағдайы шеңберінде Түркияның электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру үдерісіне қазақстандық капиталдың қатысуы;

4) энергияның жаңартылатын көздері (күн, жел және су) саласындағы ынтымақтастық;

5) электр трансформаторлық шағын станцияларды және гидроэлектростанцияларға арналған жабдықтарды қоса алғанда, энергетикалық жабдықтар жасау және жаңғырту саласында жұмыс істейтін Түркия мен Қазақстанның құрылымдары мен ұйымдары арасындағы ынтымақтастық.

7. Ауыл шаруашылығы саласында:

1) ірі қара және ұсақ малдың жоғары сапалы тұқымын шығару;

2) малды күтудің қазіргі заманғы жүйесін құру;

3) асыл тұқымды шаруашылықтар құру;

- 4) өндіріс және менеджмент саясатын айқындау;
- 5) механикаландырылған техниканы жеткізу және бөлу;
- 6) мал шаруашылығын дамыту жобалары мен қысқа мерзімді оқыту бағдарламаларын іске асыру мәселелері бойынша бірлескен іс-шаралар өткізу;
- 7) бірлескен конференциялар өткізу;
- 8) персоналды өзара оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға ықпал ету;
- 9) мал шаруашылығы өнімдерін бірлесіп өңдеуді жүзеге асыру мақсатында ауыл шаруашылығы кәсіпорындары арасында әріптестік қатынастар құруға жәрдемдесу;
- 10) жеміс және жүзім шаруашылығы саласындағы зерттеу институттары арасында ақпарат және сорт үлгілерімен алмасу;
- 11) астық өндірісі, мақта шаруашылығы және қызылша шаруашылығы саласындағы мамандарды оқыту;
- 12) ауыл шаруашылығы саласында жоғары технологияларды енгізу жөнінде бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- 13) үшінші елдердің нарығына шығу мақсатында жоғарғы сапалы Қазақстан астығын және оның қайта өңделген өнімдерін Түркия Республикасына жеткізу, сондай-ақ оларды Түркия Республикасында өңдеу саласындағы өзара тиімді ынтымақтастық;
- 14) ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасын ұлғайтуға бағытталған сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамыту мәселесі бойынша өзара іс-қимыл және тәжірибе алмасу;
- 15) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасында өсімдіктерді қорғау және карантині саласындағы ынтымақтастық туралы келісім жасасу.

8. Туризм саласында:

- 1) Қазақстан Республикасының туристік инфрақұрылымын дамыту мәселелері бойынша түрік компанияларымен ынтымақтастықты кеңейту;
- 2) туризм саласында тәжірибе алмасу және Қазақстан Республикасындағы туристік объектілерді түрік компанияларының басқару мүмкіндігін қарау.

9. Қаржы саласында:

- 1) екі мемлекеттің банктері және қаржы секторлары арасындағы ынтымақтастықты кеңейту;
- 2) Түркия Республикасындағы пайызсыз (инвестициялық) банк қызметі жөнінде тәжірибе және ақпарат алмасу.

3. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі ережелер

Тараптар осы Бағдарламаны іске асыру мақсатында 2012 жылдың ішінде нақты жобаларды және Бағдарламада көрсетілген ынтымақтастық салалары бойынша

іс-шараларды, сондай-ақ жауапты органдар мен ұйымдарды және оны іске асыру мерзімін көрсете отырып, іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

Көрсетілген іс-шаралар жоспары қажет болған жағдайда, оның ішінде Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы Қазақстан-түрік бірлескен экономикалық үкіметаралық комиссиясының отырыстары барысында өзекті етілетін б о л а д ы .

Осы Бағдарламаның іске асырылуын үйлестіруді Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Түркия Республикасының Үкіметі тарапынан Экономика министрлігі жүзеге асыратын болады.

Үйлестіруші министрліктер кезеңдік негізде осы Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының президенттерін х а б а р д а р е т е т і н б о л а д ы .

2012 жылғы 23 мамырда Астана қаласында қазақ, орыс және түрік тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Түркия Республикасының
Үкіметі үшін*